

Балабақшадағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысына талдау жүргізу туралы анықтама

Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты: бірыңғай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқорлық кеңесі қарым-қатынасын ұйымдастыру, кешен оқу-тәрбие жұмысының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмектесу.

Жыл бойында қарастырылатын мәселелер мемлекеттің тәрбие беру іс-шарасына бірлесіп атқаруға ата-аналар қауымын тарту, олардың педагогикалық мәдениетін, білімін көтеру балабақша мен отбасында салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал жасау және балаларды әлеуметтік жағынан қорғау.

Қамқоршылық кеңестің мақсаттары төмендегідей:

1. Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының тәрбиеленушілері мен балабақша ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
3. Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
4. Білім беру ұйымына әлеуметтік мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шара өткізуге ықпал ету;
5. Тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
6. Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады.

Қыркүйек айынан бастап балабақшада қамқоршылық кеңес жұмысы жалғастырылып, қолдау көрсетіліп келеді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау, қамқоршылық кеңес ережесімен және жоспарымен таныстыру туралы мәселелері қазан айында жүзеге асырылды.

Балабақша бойынша 2022-2023 оқу жылында қамқоршылық кеңестің құрамына төменде көрсетілген адамдар мүше болып тағайындалды.

1. Ерғали Аметов – «Энергосистема» АҚ АФ инженері
2. Левкина Юлия – ИП «Левкина», жеке кәсіпкер
3. Айдана Сарсенғалиева – жұмыссыз
4. Надежда Зрячева – «Смайл» дүкенінің басшысы, жеке кәсіпкер
5. Искужина Сауле – жұмыссыз
6. Ербол Асанбаев – Алға аудандық ішкі істер бөлімінің инспекторы
7. Ляззат Ержанова - №4 Алға орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

8. Тулеген Нуров – «Арай» ШҚ басшысы

9. Абзал Аимбаев – «Айым-А» ЖШС басшысы.

Қамқоршылық кеңесінің екінші отырысы 2022 жылдың 15-желтоқсанында жаңа жылдық іс-шараны дайындау және өткізу мәселелерін талқылау бойынша өткізілді.

Сонымен қатар, балабақшаның топтарын жаңа жылдық мерекеге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру керек екендігі туралы мәселер қозғалды. Осыған байланысты, топтар мен балабақша аумағын безендіру үшін қажетті материалдар сатып алуға көмектесуге қарсы еместігін жеткізген болатын.

Балабақшада 8-наурыз және 22-наурыз мерекелерін атап өту туралы қамқоршылық кеңестің отырысы наурыз айының 1-ші жұлдызында өтті. Осыған байланысты балабақшада «Аналар күнін» атап өту жоспарланып отырғандығы туралы айтылды. Барлық топтарда 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мерекелік ертеңгіліктер өткізілетіндігі хабарланды. Бұл мерекелік кештерде Ананың, әженің отбасындағы рөлі, қазақстандық аналардың рухани-адамгершілік ұйыстырғыштық қасиеттері туралы, әйелдердің ұрпақтар байланысының жалғастығындағы және Қазақстан халқының бай дәстүрлерін сақтаудағы маңызды рөлі туралы айтылатынын хабарлады.

8-наурыздан кейін Наурыз мейрамының да келе жатқанын, Ұлыстың ұлы мейрамын балабақшада мерекелеу және балабақшаның іші-сыртын безендіру жұмыстарын жүргізу керек екенін, соған байланысты Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан қолдау көрсетулерін сұралды.

Барлық жас топтарында 22-наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктер де өтетіндігі туралы айтылды. Наурыз – барлық тірі жанның жаңару мерекесі. Бұл – табиғаттың жаңару, көктем мерекесі, үй махаббаттың, достықтың, құнарлылықтың бейнесі. Балаларға дәстүрді ерте жастан үйрету керек, сондықтан балабақшада Наурызды көңілді атап өту өте маңыздылығы туралы кеңінен түсіндірілді. Балалар ойындарға белсенді қатысып, көктем, наурыз мерекесі туралы әндер айтылса, би билеп, өлеңдер айтылса деген ұсыныстар тасталды.

Сәуір айының 7-інде Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысы болды. Бұл жиналыста балабақша аумағын көркейту, абаттандыру жұмыстары туралы кеңінен тоқталды. Қазіргі таңда белең алған екі айлық сенбілік туралы да айтылды. Бұл сенбілікке әр бір адамның жауапкершілікпен қатысуы, өйткені тұрғылықты тұрып жатқан өлкені, ауыл-аймақты таза ұстау әр бір адамның парызы.

Қоршаған ортаны қорғау өзекті мәселе. Көгалдандыру – қала, ауыл, тағы да басқа елді мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін ағаш, бұта, гүл, көгал өсіру. Көгалдандыру жұмыстары мекенжайларға әсем көрініс береді, шудан, күннен, шаңнан, тағы басқадан қорғайды, санитарлық-гигиеналық рөл атқарады.

Балабақша маңын көгалдандыруда гүлзарлардың орны ерекше. Гүлзарларды балабақша ғимаратының алдына, жол бойына, ойын алаңдары айналасына орналастырылған. Көркемдік сапасы жағынан әр түрлі бір жылдық, екі жылдық және көп жылдық өсімдіктердің түрлері қолданылған.

Балабақша жанындағы үлескелерде жүргізілген жұмыс бойынша қиыншылықтар да жоқ емес. Алдымен топырақтың сапасы. Балабақшада салынған кейбір жердің топырағы сын көтермейдігі туралы айтылды. Бұл ауыртпашылық тек қана балабақша қызметкерлеріне түсетіндігі туралы тоқталды. Сондықтан да қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар тарапынан көгалдандыру шараларына жауапкершілікпен ат салысып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық деген өз-ниеттерін білдірді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері аталған мәселені қолдап, қолдарынан келген көмекті көрсететіндіктері туралы ұсыныстарын ортаға салды.

Алдағы айларда Қамқоршылық кеңесінің балабақшаны бітіруші түлектерге «Қош бол, балабақшам!» мерекесін өткізуді ұйымдастыру мәселелері мен 1-маусым балаларды қорғау күніне орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп, «Біз бақытты балдырған» акциясын ұйымдастыру және өткізу жоспарланып отыр. Бұл мәселелер де өзінің оң шешімін табады деген ойдамыз.

Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы, балабақша мүддесін түрлі деңгейлерге көтеріп адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңес жұмысы тегін жасалады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Е.Аметов

Хатшы:



Г.Симанова